Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дәрілік өсімдіктер [Электронный ресурс] : оқу әдістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Оңтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзағали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу құралы. 2018 <https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадішаева Ж.А., Т.С. Серікбаева.,

Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәнінен оқу қолданбасы. Оқу-әдістемелік құрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020, https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқу құралы – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 240 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадішаева. – Алматы: Эверо, 2020 — 144 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н. Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения. Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть I: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие углеводы, жиры и жироподобные вещества, витамины, терпеноиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2018. – 206 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/744/

Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н. Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения. Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. –

Алматы: издательство «Эверо», 2020.– 194 https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

6. Бақылау сұрақтары:

1. Антрацентуындылар түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Антрацентуындылардың қандай классификациясын білесіз?
3. Антрацентуындылардың физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде антрацентуындылар қалай таралған?
5. Антрацентуындылар өсімдік жасушасы мен мүшелерінде қалай шоғырланған?
6. Антрацентуындылары бар өсімдік шикізаттарын дайындау және кептіру сатылары.
7. Құрамында антрацентуындылары бар өсімдіктерді атаңыз.


№ 7 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында флавоноидтары және олардың гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.

2. Мақсаты: Құрамында флавоноидтары және олардың гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттарды оқып үйрену.

3. Дәріс тезистері:

Флавоноидтар – табиғи күрделі органикалық қосылыстар. Олардың жалпы формуласы $C_6-C_3-C_6$. Флавоноидтардың молекуласында екі фенил радикалы, үш көміртек алифатты звеномен байланысып тұрады. Флавоноидтар көбінесе, хроман және хромонның туындылары болып табылады. Арил радикалы олардың екінші, үшінші немесе төртінші көміртек атомында болады.



Флаван

Сонымен, флавоноидтар дегеніміз – фенилбензопиранның туындылары, құрылысында дифенилпропанның ядросы болатын органикалық заттар деп айтуға болады.

Жіктелуі. Осы кезде өсімдіктерден екі мыңнан астам флавоноидтар алынған. Олардың мынандай жағдайға байланысты 30-ға жуық түрлері белгілі. Олар пропан фрагментінің тотығу дәрежесіне, фенил қалдығының гидроксил тобының орналасуына, құрамындағы көмірсулардың соңына, тотығу циклінің көлем өлшеміне, агликон мен қанттардың байланысу жағдайына қарай бірнеше топқа бөлінеді: нағыз флавоноидтар (эуфлавоноидтар) фенил бөлігі екінші көміртек атомына жалғасқан, изофлавоноидтар фенил радикалы C_3 орналасқан, неофлавоноидтар-4 арилхроманның туындылары және бифлавоноидтар т.б.

Нағыз флавоноидтар (эуфлавоноидтар). Бұл топқа флавандар, лейкоантоцианидин, катехин, антоцианидиндер, флафон, флавонол, флаванон, флавононол, халкон, дигидрохалкон және аурондар кіреді.

Аурондар басқа флавоноидтардан айырмашылығы олар 2-бензилиден-кумаранон (2-бензилиден-3-бензофуранон) туындылары болып келеді.

Изофлавоноидтар. Бұл топқа пиранның, 3-фенил немесе бензопиранның туындылары, бұған қоса ротеноидтар және гомоизофлавоноидтар және т.б. жатады.

Неофлавоноидтар. Бұлар өсімдіктерде сирек кездесетін органикалық қосылыстар: 4-арилкумариндер, дальбергион, дальбергихинол, 4-арилхромондар. Олар диарилпропеннің туындылары болып есептеледі.

Неофлавоноидтер алғашқы рет дальбергин туындысына жататын өсімдіктерден алынған.

Бифлавоноидтар мен фуранофлавоноидтар. Өсімдіктерде мономерлік флавоноидтармен қоса полимерлік флавоноидтар ұшырасады. Олардың құрамында флавоон, флаванон және изофлавоноидтардың ядролары болады.

Бифлавоноидтардың молекуласында флавоноидты қосылыстар әртүрлі жағдайда орналасуы мүмкін.

Флавоноидтарды өткен ғасырдың аяғында ашып толық зерттелінген. Оған зор еңбек сіңірген оқымысты Констаневский. Ол бірталай флавоноидтардың қосындысын зерттеп, олардың құрылысын зерттеп анықтап берді. Үндістан ғалымы Сещадри және Американдық Робинсон да осы салада көптеген еңбектер жасады. Украинада дәрілік өсімдіктерді зерттеу институтының белгілі ғалымдары В.И. Литвиненконың, И.П. Максютинаның, Н.Ф. Колесниковтың және Чернобай мен А.П. Прокопенконың басқаруымен көптеген өсімдіктердің флавоноидтардың, оның ішінде фенилпропан қосылыстардың құрамын, құрылысын егжей-тегжейлі зерттелді. Бүкіл Ресейдің дәрілік өсімдіктер зерттеу институтының оқымыстылары В.И. Глызин және тағы басқалары жүзден астам олардан емдік қасиеті бар дәрілерді шығарды. (ликвиритон, танацехол, флакарбин, ликуразид, леспефлан, флакозид, хелепин және т.б.).

Таралуы. Флавоноидтар өсімдіктер әлемінде көп таралған қосылыстар. Әсіресе, мына раушангүлділер (Rosaceae), бұршақтар (Fabaceae), астерлер (Asteraceae), селдерейлер (Ariaceae) тұқымдастарында мол кездеседі. Флавоноидтарды төменгі сатыдағы және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерде, сондай-ақ жәндіктер құрамында кездестіруге болады. Флавоноидтар өсімдіктердің күлтешесінде, жапырақтарында, жемістерінде, қабығында және тамырларында ұшырасады. Кей кездерде флавоноидтар кристалл түрінде де жиналады. Бір өсімдікте кездесетін флавоноид басқа ешқандай өсімдікте кездеспейді деп айтуымызға болмайды. Мысалы, флавоноид байкалин тек бір өсімдік томағашөпте ғана болады, ал керісінше флавоноид кверцетин 50-ден астам өсімдіктердің құрамында бар. Флавоноидтардың бірнешеуі бірден бір өсімдікте де кездеспейді. Кей жағдайларда 30-флавоноид бір өсімдіктің құрамында болады. Өсімдікте орташа есеппен алғанда флавоноидтар 1-3%-ке дейін болады. Ал кейбіреулерінде (есекмияда) флавоноидтың 25-сі жиналуы мүмкін. Әсіресе, өсімдіктердің гүл жару кезінде флавоноидтардың проценті ұлғаяды, оңтүстікте және таулы мекендерде өсетін өсімдіктерде флавоноидтар көбірек болады. Флавоноидтардың құрамы өсімдіктердің өсу кезіне байланысты өзгеріп тұрады. Мысалы, Жапон софорасында 20% рутин, ал гүлдерінде 5%, піспеген жемістерінде мүлдем ешқандай флавоноидтар болмайды.

Физиологиялық қасиеттері. Кейбір оқымыстылардың айтуына қарағанда флавоноидтар өсімдіктерге түрлі түстер беріп жәндіктерді өздеріне қызықтырады, сөйтіп осы арқылы өсімдіктер тозанданады. Ал кейбір ғалымдар өсімдіктің тозандануына флавоноидтардың тікелей қатысы бар дейді. Шын мәнінде рутин тозандатқыштың өсіп жетілуіне көп септігін тигізеді. Рутин кездесетін өсімдіктерде жиі байқалады да рутин жоқ өсімдіктерде бұл процесс болмайды. Ғалымдардың жобалауы бойынша кейбір өсімдіктер флавоноидтардың өзінен бөліп шығарады да басқа өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Флавоноидтар өсімдіктерде оттегіні таратады және тотығу-тотықсыздану процесіне қатысады. Өсімдіктердегі хлорофильді күн сәулесінен қорғайды.

Физикалық-химиялық қасиеттері. Флавоноидтар кристалды заттар, балқу температурасы өте жоғары. Флавоноидтар, катехиндер түссіз, сары, ал халкондар, флавоноидтар, аурондар, флавоноидтар сары, сары-күлгін болып келеді.

Антоциандар – көгілдір. Флавоноидтар сыртқы ортаның әсеріне төзімді емес, әсіресе оттегінің, сілтілердің, күннің тіке түскен сәулесінен өзінің қасиетін жоғалтады. Гликозидтері суда жақсы ериді үшгликозидтері өте жақсы, ал дигликозидтер шамалы, моногликозидтер тек ыстық суда ериді. Гликозидтер түрлі ферменттердің және қышқылдың әсерінен агликондар мен кантарға дейін ыдырайды.

Флавоноидтардың химиялық қасиеттері 3-түрлі факторға байланысты: карбонил, фенолгидроксил топшаларына, ароматты сақинасына.

I. Карбонил тобының әсерінен жүретін реакциялар. Синода немесе цианидиндік реакция. Сары түсті комплекстердің түзілуіне карбонил тобының да әсері бар.

Комплексте егер окси тобы 5 көміртегінде, ал ОН-тобы 3 көміртегінде болса, 5 мүшелі комплекс немесе 6 комплекс қышқылды ортада тұрақсыз. Егер 6 циклді комплекске циклді қышқыл тамызсақ, онда комплекс жайылады да сары түс бояуы түссізденеді. Егер комплекс 3 көміртегімен гидроксил тобы арқылы түзілген болса ерітіндісінің сары түсі өзгермейді. Бор қышқылы қымыздық қышқылымен ашық сары бояу түзеді, сурьма тұздарымен флавоноидтар комплекс түзеді. Егер топырақта бор мен сурьманың мөлшері көп болса, флавоноидтар көп өсімдіктерде мол болады. Флавоноидтарды көбірек қолданса адамның организмінде көп стронций флавоноидтармен комплекс түзеді де жойылады. Барлық флавоноидтардың түрлері сілтілерде жақсы ериді. Нәтижесінде сары лимон түсті феноляттар түзіледі. Халкондармен, аурондар сілтілермен әрекеттескенде қызғылт-сары, қара-қошқыл түс береді. Флавоноидтарға қорғасын ацетатын қосқанда флавоноидтар тұнбаға түседі, ал екі окси тобы, екі көміртегінде қатар орналасқан болса қызыл түске боялады. Катехиндер ванилин тұз қышқылымен немесе калий персульфатымен ($K_2H_2O_8$) әсерлескенде қызыл түс береді. Флавоноидтардың гликозидтері сілтілердің, қышқылдардың және ферменттердің әсерінен ыдырайды да нәтижесінде қант және агликон түзіледі.

Р-дәруменді өсімдік көздері

1941 жылы ағылшын ғалымы Уартер организмге лимоннан алынған экстрактының әсерін анықтады. Бұл дәрі-дәрмектің қан тамырлардың капиллярлардың төзімділігін, тұрақтылығын және созылғыштығын арттыратын қасиеттерін байқады. Біраз уақыт өткен соң Альберт Цен Георгий лимон шырынының химиялық құрамын зерттеді. Осының нәтижесінде капиллярлардың созылғыштық, өтімділік қасиетін төмендететін лимонның қабығындағы екі затқа байланысты екенін дәлелдеді, олар гесперидин мен эриодиктин болып шықты. Осыған орай, лимонның сыртқы қабығынан «Цитрин» деген препарат шығарылатын болды, ал осындай қосылыстарды Р дәрумені деп атады (латынша – *permeare* ішіне кіру). Мұндай қасиетті тағы басқа қосылыстар (рутин, кверцетин, катехин туындылары, диосмин және т.б.) білдіретіні анықталды.

Медицинада флавоноидты өсімдіктер зер айдағыш, өт жүргізетін, қан тоқтататын, көз, бүйрек, жүрек, ішек-қарын ауруларын емдеу үшін, тыныштандыратын дәрі есебінде кеңінен қолданады.

4. Иллюстрациялық материалдар: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабақтарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабақтарына арналған қолданба 2 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 252 бет. с

Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет.

Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.- Шымкент, 2016

Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы. – Алматы : ЭСПИ, 2021. – 308 бет.

Орынбасарова, К. К. Табиғи дәрілік қосылыстардың химиясы пәнінің зертханалық сабақтарына арналған қолданба: оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2024

Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы :

TechSmith, 2023. - 280 с

Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений [Текст] : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2024. - 280 с.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1: оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. – Алматы : ЭСПИ, 2021. – 252 бет.

Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2 [Мәтін] : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. – Алматы : ЭСПИ, 2021. – 264 бет.

Қосымша:

Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / ҚР ДСМ; С. Ж. Асфендияроватындағы ҚазҰМУ. – Қарағанды : ЖК «Ақнұр», 2014. – 180 бет.

Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабақтарына арналған қолданба: оқу құралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. – Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям: И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. Идоп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013. – 264 с

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Шымкент : ЮКГМА, 2009. - 57

Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи: учеб. Пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО «Мос. Мед. Акад. Им. И. М. Сеченова». – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 288 с.

Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. – Алматы : Эверо, 2014. – 240 бет. С.

Электронды басылымдар:

Махатов Б.Қ. Фармакогнозия: оқулық/Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Орынбасарова К.К., Қадишаева Ж.А. – Алматы Эверо, 2020. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/795/

Орынбасарова К. К.

Курамында журек - кан тамырларына асер ететін және Р-витаминді белсенділік корсететін флавоноидтары бар кейбір дәрілік өсімдіктер [Электронный ресурс] : оқу әдістемелік курал / К. К. Орынбасарова ; Оңтүстік Казакстан мемлекеттік медицина академиясы. - Электрон. текстовые дан. (2,30 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Некоторые лекарственные растения, содержащие флавоноиды сердечно-сосудистого действия и с Р-витаминной активностью [Электронный ресурс] : учебно-методическое пособие / К. К. Орынбасарова ; Южно-Казахстанская государственная медицинская академия. - Электрон. текстовые дан. (2,25 Мб). - Шымкент : ЮКГМА, 2009

Мырзағали-ұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқу құралы. 2018 <https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

Махатов Б.Қ., Патсаев Ә.Қ., Қадишаева Ж.А., Т.С. Серікбаева.,

Е.К. Оразбеков Фармакогнозия пәнінен оқу қолданбасы. Оқу-әдістемелік құрал — Алматы, ЖШС «Эверо», 2020, https://www.elib.kz/ru/search/read_book/807/

Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты. Фармакогнозия бойынша оқу құралы – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 240 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов, Ә.Қ. Патсаев, К.К. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. – Алматы: Эверо, 2020 — 144 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н. Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения. Учебное

пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть I: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие углеводы, жиры и жироподобные вещества, витамины, терпеноиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2018. – 206 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/744/

Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н. Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения. Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. – 194 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

6. Бақылау сұрақтары:

1. Флавоноид түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Флавоноидтардың қандай классификациясын білесіз?
3. Флавоноидтардың физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Өсімдіктер әлемінде флавоноидтар қалай таралған?
5. Флавоноидтар өсімдік жасушасы мен мүшелерінде қалай шоғырланған?
6. Флавоноидтары бар өсімдік шикізаттарын дайындау және кептіру сатылары.
7. Құрамында флавоноидтары бар өсімдіктерді атаңыз.

№ 8 Дәріс

1. Тақырыбы: Құрамында илік заттары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттар.

2. Мақсаты: Құрамында илік заттары бар дәрілік өсімдіктер мен шикізаттарды оқып үйрену.

3. Дәріс тезистері:

«Илік заттар» терминімен техникалық биохимия және тамақ өндірісінде қолданатын – табиғаты полифенолды, бырыстырғыш дәмі бар барлық заттар жатады. Бірақ булардың барлығы шынайы илене алмайды. Бұл қасиетке тек молекулалық салмағы 1000-5000 дейін болатын жоғары полимерлі табиғи қосылыстар ие. Одан төмен молекулалы қосылыстар тек бырыстырғыш дәмі бар, бірақ олар иленбейді. Сондықтан осы заттарды иленетін заттармен шатастырмау үшін; оларды көбінесе «тамақтық таниндер», «шәйлі таниндер» деп атайды.

Шет және отандық ғалымдардың зерттеуі негізіндегі жіктелу бойынша барлық табағи илік заттар 2 үлкен топқа бөлінеді: 1) конденсирленген
2) гидролизденетін.

Конденсирменген илік заттар. Бұл заттар негізінен катехин полимері (флавонол-3)
3) немесе лейкоцианидин (флавандиол 3,4) немесе осы 2 флавоноидты қосылыстардың сополимері ретінде қарастырылады. Катехиндер және лейкоантоцианидтердің полимеризация процесі әлі де зерттелуде, сондықтан бұл процестің химизмі туралы бір шешімге келген жоқ.

Бір зерттеушілердің мәліметі бойынша конденсация гетероциклдің үзілуінен (-C₃-), ұзын тізбекті полимерлер (немесе сополимерлер) «гетероцикл сақинасы-А сақинасы» типті молекулалық салмағы жоғары қосылыс түзілуіне алып келеді. Бұл жағдайда конденсация ферментативті процесс емес, жылу мен қышқылды ортаның әсерінің нәтижесі деп қарастырылады.

Басқа зерттеушілердің айтуы бойынша «аяқ-бас» (А сақинасы-В сақинасы) түрі және «аяқ-аяқ» (В сақинасы-В сақинасы) түрі бойынша да полимерлер тотығу ферментативті конденсация нәтижесінде түзіледі.

Конденсация катехиндердің және флавандиол 3,4 полифенолоксидазамен аэробты тотығуы нәтижесінде 0-хинонға дейін полимередацияланады. Мысалы, «аяқ-аяққа» түріндегі полимеризация түріне немесе тәсілмен көрсетуге болады.

Гидролизделетін илік заттар. Бұл топқа сұйылтылған қышқылдармен әсер еткенде табиғаты фенолдық (және фенолды емес) жай қосылыстарына ыдырайды. Бұл қышқылдардың әсерінен тығыздалып, ерімейтін аморфты қосылыстар түзетін конденсирленген илік заттардан ашыратады.

Біріншілік фенолдық қосылыстардың гидролизденуі нәтижесінде түзілетін қосылыстарға байланысты галл және эллаг гидролизденетін илік заттарын ажыратады. Бұл 2 қосылыста да фенолды емес компонент моносахарид саналады. Көбінесе глюкоз, бірақ басқа да моносахаридтер болуы мүмкін. Конденсирленген илік заттардың гидролизденетін илік заттарға қарағанда көмірсулары аз болады.

Галл илік заттары немесе галлотаниндер галл немесе дигалл қышқылдарының глюкозамен, глюкоза молекуласында галл (немесе дигалл) қышқылының молекуласы (5-ке дейін) байланысуы нәтижесінде түзілетін күрделі эфир. Дигалл қышқылы галл қышқылының депсиді болып саналады, яғни ароматты қосылыстың күрделі эфирі. Депсидтер галл қышқылының 3 молекуласынан туруы мүмкін (3 галл қышқылы).

Эллаг илік заттары немесе эллаготаниндер гидролизденгенде фенольды қалдық ретінде эллаг қышқылын бөліп шығарады. Эллаг илік заттарының қантты қалдығы ретінде көбінесе глюкоза кездеседі.

Осы классификация бойынша бөлу илік заттарды бір тобын бір өсімдікте кездестеру өте сирек. Көбінесе бір объектіде яғни бір өсімдікте конденсирленген және гидролизденетін илік заттар бірге кездеседі. Сонымен қатар гидролизденетін және конденсирленген илік заттардың қатынасы вегетация процесінде және өсімдік жасына байланысты өзгеріп отырады.

Өсімдікте илік заттардың таралуы және оның биологиялық рөлі

Илік заттар табиғатта өте кең тараған. Өсімдіктің әр класындағы өсімдіктің біреуінде илік заттар жоқ деуге болмайды. Әсіресе илік заттар қосжарнақтылар окілдерінде тараған, онда олар максималды мөлшерде жинақталған. Қосжарнақтылар илік заттар кейбір тұқымдарында кездеседі. Көптеген қылқажырақтылар илік заттар өте көп мөлшерде жинақтайды. Бұл заттар папоротниктерде, қылшаларда, плаундарда және мүктерде кездеседі. Илік заттар ең көп мөлшері патологиялық өсімділері-галл (50-70%) дейін кездеседі.

Құрамында илік заттар жоғары мөлшерімен ерекшеленетін келесі тұқымдастар: Rosaceae, Tamaricaceae, Polygonaceae, Salicaceae, Myrtaceae, Fabaceae, Plumbaginaceae, Geraniaceae, Asteraceae.

ТМД-ң флористикалық кейбір аудандары құрамында танині бар өсімдіктер әртүрлілігімен ереншеленеді. Мысалы, Орта Азияда 332 түрі оның 175 туыс және 65 тұқымдасқа жатады. Оңтүстік аудандарда илік заттар бар өсімдіктер көптеп кездеседі. ТМД елдерінде танинтасын өсімдіктердің түрлері өте көп.

Илік заттар өсімдіктің әртүрлі бөлігінде жиналады. Шиі олар қабығында, тамырында, тамырсабақтарында, жапырақтарында. Сонымен қатар жемістерінің қабығында жиналған.

Илік заттар құрамы өсімдіктің вегетация процесіне байланыста өзгереді. С.Х.Чеврениди мәліметтеріне қарағанда илік заттар ең аз көлемі көктемде жинақталса, өсу барысында көбейіп, бутонизация фазасында – гүлдеу алдында оның көлемі максималдыға жетеді. Вегетация аяқталар кезде илік заттар көлемі тамырларында біртіндеп азаяды. Вегетация фазасы тек көлемімен емес илік заттар құрамының сапасына да әсер етеді.

Илік заттар (басқафенольды қосылыстар сияқты) өсімдік клеткасының вакуолі жанында орналасқан және цитоплазмадан ақуыз-липидті мембрана-тонопластпен бөлінген. Ол вакуолярлы заттың жасуша метаболизміне қатысуын реттейді. Илік заттар еріген түрде болғандықтан олар гистохимиялық реакциялар көмегімен анықталады. Осы реакциялар көмегімен жапырақтарындағы илік заттар сыртқы беттегі жасушада орналасқандығын көруге болады. Бұл илік заттар жапырақтарда түзіліп, өткізетін жоктың флоэмасында бөлігіне түсіп одан барып барлық өсімдіктердің бөліктеріне тарайды деп айтуға болады.

Сабақтарында, ағаштарында және тамырсабақтарында илік заттар паренхимді клетка жүректі сәулелерінде қабығы ағашқа және флоэмаға қабатталған. Механикалық ұлпада илік заттар болмайды. Тірі клетканы бұзғанда клеткаішілік қысым өзгеріп тонопластың жарылуына алып келеді. Илік заттар цитоплазмаға өтіп онда ферментативті тотығуға ұшырап, қоңыр және қызыл

аморфты заттарға флобафен деп аталатын айналады. Өзгермейтін танидтерге қарағанда ориобафен салқын суда ерімейті, бірақ ыстық суда ериді, тұндырманы және қайнатпаны қызыл қоңыр түске боянды.

Басқа да фенолды қосылыстар сияқты илік заттар өсімдік ағзасында белгілі (толығымен анықталмаған) биологиялық қызметтер атқарады. Олар қордағы зат ретінде қарастырылады. Оның куәсі ретінде көптеген өсімдіктердің жер асты мүшелерінде, сонымен қатар ағаштарының қабығында жиналуын айтамыз. Олар ағаштық затын құруға қатысуы мүмкін. Бактерицидті және фунгицидті қасиеттерге ие бола тұра, илік заттар фенолды қосылыстар сияқты древесина шіруіне қарсы тұрады және өсімдіктің зиянкес және ауру тудырушылардан қорғайтын зат болып табылады.

Илік заттардың алынуы, зерттеу әдістері және оның медицинада қолдануы.

Илік заттар сумен және сулы-спиртті қоспамен жеңіл алынады. Өсімдік шикізатын экстракциялау – бірінші тәсіл. Бұл әдіспен сығындыдан одайда таза өкілдер алып оларды бөледі.

Өсімдікте илік заттар бар екендігін дәлелдейтін келесі реакциялар: желатин, алкалоид, ауыр метал тұздарымен және формальдегидпен (тұз қышқылы қатысында) тұнба түзуі; тері ұнтағымен байланысуы, темір (III) тұзымен боялуы (қара-көк немесе қара-жасыл). Катехиндер ванилинмен және концентрлі тұз қышқылымен қызыл түске боялады.

Гидролизденетін илік заттар негізінде пирогалло туындылары галл және эллаг қышқылы жатқандықтан өсімдік сығындылары құрамында гидролизденетін илік заттар темір аммонийлі ашудас ерітіндісімен қара-көк түске боялады немесе тұнба түзеді. Конденсирленген илік заттар біріншілік бөлшегі пирокатехин функциясын атқарады. Сондықтан көрсетілген реактивпен қою-жасыл түс немесе тұнба түзіледі.

Пирогалл танидтерінің пирокатехиндерден айырудың нақты реакциясы болып нитрозаметилуретанмен реакциясы саналады. Илік заттар қайнатқанда пирокатехин тобындағы танидтер толығымен тұнбаға түседі; пирогалл танидтерінің болуы фильтратқа темір аммонийлі ашудақты қосу арқылы және натрий ацетатын қосқанда фильтрат күлгін түске боялады.

Илік заттар сандық мөлшерін анықтау үшін көптеген әдістер ұсынылған. Илік заттардың экстрактивті өндірісінде официналды болып салмақтық бірлік әдіс: сулы сығындыда материалдың алдымен еріген заттың жалпы көлемін (құрғақ қалдық) белгілі көлемдегі сығындысы қалыпты массаға дейін кептіру арқылы анықтайды. Содаң соң сығындыдан илік заттарды алып тастайды да майсыздандырылған тері ұнтағымен оңдейді. Тұнбаны фильтраттан алған соң құрғақ қалдықты тағы да анықтайды. Сығындыны оңдеуге дейін және оңдегеннен кейін құрғақ қалдық салмағының айырмашылығы танидтің салмағы болып саналады. Көбінесе перманганатометриялық әдіс қолданады. Бұл әдіс бойынша танидтерді қатты суйылтылған ерітіндіде индигосульфокышқылдың қатысында $KMnO_4$ тотықтырғыш қасиетіне негізделген. Якимов және Курницкова әдісінде қолданады. Ол илік заттардың белгілі концентрациясындағы желатин ерітіндісімен тұнбаға түсуіне негізделген.

Илік заттардың препараттары бырыстырғыш, қабынуға қарсы зат ретінде қолданады. Илік заттардың бырыстырғыш қасиеті ақуыздармен байланысып тығыз альбуминаттар түзуіне негізделген. Шырышты қабыққа немесе жарақаттанған жерге илік заттар жаққанда шырышты немесе жарақаттағы экссудаттың ақуызының жиырылуына алып келеді де пленка түзеді, ол ұлпадағы сезімтал жүйке талшықтарын тітіркендіруден қорғайды. Бұл кездегі ауырсынудың босылуы, қантамырларының жергілікті тартылуы (жиналуы), секрецияның азаюы және жасуша мембранасының қалыңдауы қабыну реакциясының төмендеуіне алып келер. Илік заттар алкалоидтармен, гликозидтермен және ауыр металдармен тұздары тұнба түзетіндіктен осы заттың пероральды улану кезінде уға қарсы зат ретінде қолданады.

Галлдар. Галлдар деп өсімдіктің әртүрлі мүшелерінің патологиялық өсінділері: (жапырақтар, жас өсімдіктер және т.б.). Олардың қоздырушысы болып вирустар, бактериялар, саңырауқұлақтар, жиі жәндіктер саналады.

Фармацияда галлдар дегеніміз жапырақтың бөліктеріндегі өсінділер – жәндіктермен құрылған ету нәтижесінде пайда болады. Кейбір жәндіктер даму циклінің бөлігі зақымдалған мүше ішінде жүреді. Зат алмасудың бузылуы нәтижесінде зақымдалған улпадағы галлдарда илік заттар көп мөлшері жиналады.

1. Галлы турецкие – Дуб лизитанский

Gallae Turcicae – quercus lusitanica lam.var. ingectoria DC.

2. Түрік галлалар

Семейство буковые Fagaceae

3. Сипаттамасы. Үлкен емес ағаш немесе бұта, Иранда, Кіші Азияда, Балқанда өсуі.

Қоздырушы – орехотворка. Сунірс тұқымдасынан (перепончатокрылое насекомое). Аналық орехотворка көктемде еменнің жас жапырақшалары жұмыртқа қоймасымен тесіп бір жұмыртқаны тастайды. Одан личинка түзіліп, куколка сатысына өтіп кейін қанатты насекомға айналады. Даму циклы галл түзілумен бірге жүреді. Дамыған орехотворка галл қабығында тесік тесік тесіп, сол тесік арқылы сыртқа шығып ушып кетеді. Дамымаған галл немесе өлген насекомдар тесіге болмайды

Химиялық құрамы. Түркиялық галлдар 50-60% дейін галлотаниндерден (кейде 80%) тұрады. Ол негізінен пентадигаллоилглюкоза болып саналады. Ілеспелі заттарға бос галл қышқылы, қант, крахмал, шайырлар жатады.

Дәрілік шикізаты. Галлдарды күзде жинайды. Жаңа жиналған галлдар жасыл, жұмсақ, шырынды, шар тәрізді Кептірілген соң олар сұр болып кетеді және жаңғақтары өте қатты болады.

Қолданылуы. Танин және оның препараттарын өндіру үшін өндірістік шикізат болып саналады.

Галлы китайские – Сумах полуокрыленный, Gallae chinensis – Rhus semialata Murr. -Қытай галлалар

Семейство сумаховые -Anacardiaceae.

Сипаттамасы. Ұзын емес ағаш немесе бұта. Қытай, Жапон және Үндістанда өседі.

Қоздырғышы – тли түрлерінің бірі. Тли аналықтар жас сабақтарға сумах черешоқтарының жапырақтарына жабысып, тесіктерге көптеген жұмыртқалар жұмыртқалайды. Галлдардың түзілуі көпіршіктен басталады, олар тез өсіп үлкен өлшемдерге жетеді.

Химиялық құрамы. Қытайның галлдар құрамында 50-80% дейін галлотаниндер бар. Қытайның галлотанин негізгі компоненті ретінде глюкоза саналады. Ол екі молекула галл, бір молекула дигалл және бір молкула үшгалл қышқылының этерификациясы нәтижесінде алынады. Ілеспелі заттарға бос галл қышқылы, крахмал (8% дейін) қант, шайырлар жатады.

Дәрілік шикізат. Қытайның галлдар әртүрлі өсінділер болып саналады. Оның ұзындығы 6 см дейін жетеді, ал ені 20-25 мм бола тура. Қабығының қалыңдығы 1-2 мм Галл ішіндегі жынысты. Сыртынан олар сұр-қаңыр, шероховатый, ішінде ашық-қоңыр, беті тегіс, жылтыр.

Қолдануы: танин және оның препараттарын алу үшін өндірістік шикізат.

Листья сумаха –Илік рус жапырақтары -Folia Rhus coriariae – Rhus coriaria L.

Семейство сумаховых-Anacardiaceae

Сипаттамасы. Биіктігі 1-3 м дейін жететін бұта, сирек ағаш.

Жапырақтары непарноперистые 3-10 жуп жапырақтары бар, с крылатым черешком, жапырақтары жұмыртқа тәрізді, үлкен тісті. Гүлдері майда, жасыл-ақ, ірі конус тәрізді метелки жинақталған. Жемістері- майда қызыл дәнектер, қызыл қоңыр бездермен, түктермен қайың жабылған.Қырым, Кауказ тауларында және Туркменстанда өседі. Мәдени өсеріледі.

Химиялық құрамы. Құрамында 15-20% таниндер бар. Ол бос галл қышқылы және оның метил эфирімен сипатталады. Жапырақтарында флавоноидтардың белгілі көлемі бар. Сумах танинінің құрамында 6 галлоильді қалдығының 2 дигаллоильді және 2 моно галлоильді бөліктері артық.

Дәрілік шикізат. Жапырақтарын жинап, ашық ауада кептіреді.

Қолданылуы. Танин және оның препараттарын алу үшін отандық

өндірістік зат.

Листья скумпии – Скумпия жапырақтары-*Cotini coggygriae* – *Cotinus coggygriae*

Анакардиация тұқымдасы-*Anacardiaceae*

Сипаттамасы. Биіктігі 2-3 м жететін сабақтары тармақталған бұта,

сирек ағаш. Жапырақтары кезектесе қарапайым, дөңгеленген немесе эллипсті, шеттері тегіс, жалаң, төменгі жағы көгерген. Гүлдері майда, ақ-жасыл ірі шашыраған метелки жинақталған. Бір өсімдікте қос жынысты және тек тычиночный гүлдері бар. Жеміс беретін гүлдерінің гүл сабағы гүлденген соң өте тез ұзарады. Қызыл – сары түсті салбыраған жіпшелер түзеді.

Кауказдың барлық жерінде, Қырымда, Украина оңтүстігінде, таулы

жерлерде, бұталар арасында, тастақты жерлерде кездеседі мәдени өсіріледі.

Химиялық құрамы. Құрамында 23-25% дейін таниндер, қытайлық галлдар таниніне ұқсас, сонымен қатар бос галл қышқылы және флавоноидтар кездеседі. Жапырақтарында 0,2 % дейін эфир майлары кездеседі. Негізгі бөлігі болып мирцен саналады.

Дәрілік шикізаты. Жапырақтары гүлдеу барысында жеміс түзілу барысында жинайды. Кептіруді ашық ауада жүргізеді.

Қолданылуы. Танин және оның препараттарын алу үшін отандық өндірістік шикізат.

Корневища змеевика – *Горец змеиный* - *Жылантамыр таран*

Rhizomata Bistortae – *Polygonum bistorta* L.

Семейство гречишные Тарандар

Polygonaceae.

Сипаттамасы. Горец змеиный ареалы өте кең, барлық орманды

зона, Батыс Сібір және Еуропалық бөлігінің орманын қосқанда. Кауказда жақын түрі – горец мясо – красный алмастырылады. Үлкен жинақтаулар болып өседі, олар өсінділерге айналады. Ылғалды өзендер мен көлдер жағасында, ылғалды бұталар арасында өседі. Горец мясо-красный субальпілік лугтарда өседі.

Көпжылдық шөптесін өсімдік, тамырсабақтары қалың жылантәрізді майысқан, көптеген конустәрізді тамырлары бар. Сабағы біреу, тармақталмаған, түйінделген, ұзындығы 100 см дейін жетеді. Тамыры жанындағы жапырағы ұзын қрылатыми черешками, ұзындығы 20 см және ұзынша пластинкалы. Сабақтарының жапырағы сирек, жіңішке, қоңыршыл раструбтарға жабысқан. Гүлдері майда, ақшыл, қызыл, 1 қапталған, ірі цилиндрлі масақ тәрізді соцветиеге жиналған. Жемісі үш гранный қою-қоңыр жаңғақ. Маусым шілде айларында гүлдейді.

Химиялық құрамы. Тамырсабақтарында 15-25% илік заттар бар. Оның ішінде гидролизденген илік заттар басымырақ, конденсирленген танидтер де кездеседі. Бос күйінде галл және элаг қышқылы катехин кездеседі. Оксиметилантрахинондар және аскорбин қышқылы (130 мг/100г) табылған. Күзге таман крахмал (0,7-0,8%) көп жиналады.

Шөптерінде аскорбин қышқылы өте көп (0,7-0,8%) және флаваноидтар, сонымен қатар гиперозид, рутин және авикулярин бар.

Дәрілік шикізаты. Күзге таман жиналған тамырсабақтарын тазалап, ішіндегі сабағы қоңыр болғанша кептіріледі. Тамырсабақтары дұрыс емес жылан тәрізді майысқан. Жоғарғы жағынан сәл сплюснутые, жанынан складкалар (раковые шейки) төменгі жағынан жулынған тамырдың іздері бар. Тамырсабақтарының ұзындығы 10 см дейін, қалыңдығы 1-2 см. Гүлдегенде сыртынан қою-қоңыр, ішінен ақшыл – қызыл, иісі жоқ. Жанынан кескенде ақшыл қызыл фонда негізгі ұлпада прерывистый сақинаның қою – қоңыр өткізетін пучоктары айқын көрінеді.

Қолданылуы. Сулы қайнатпа ретінде өткір созылмалы іш өтуде және басқа ішектегі қабыну процесінде, сонымен қатар сыртқа ауыз қуысының қабыну процесінде (стоматит, гингивит) қолданады. Бырыстырғыш асқазан жиынтығы құрамына кіреді.

Дәрілік шелна -*Кровохлебка лекарственная*-*Sanguisorba officinalis*

Семейство розоцветные - *Раушангүлділер*- *Rosaceae*

Биіктігі 100 см дейін жететін қалың горизонтальды ағашты тамырсабақтары және ірі тармақталған тамырлары бар көпжылдық шөптесін өсімдік. Тамыр жанындағы жапырақтары ірі, длинночерешковые күрделі, 7-25 ұзынша өткір непарноперистые жапырақтары бар. Сабақтарының жапырақтары бар. Сабақтарының жапырақтары отырыңқы сирек сонымен қатар күрделі, жоғарыға қарай сирейді.

Гүлдері қоюқызыл, қосжынысты немесе пестичные қалың, қысқа, овальды гүл шоғырына жиналған. Олар ұзын гүлтотостағаншада отырады. Гүлдері венчиксіз пестик қызыл басты рыльцом. Тұқымдары құрғақ жаздың аяғына дейін гүлдейді.

Солтүстік және орта аймақтардың өсімдігі орманды, орманды-далалы аймақтарда, Сібірде, Қиыр шығыста және сирек ТМД-ның еуропалық бөлігінде кездеседі. Кауказда және Қырымда кездеседі. Лугах, полянах өседі. Орманда, болота шеттерінде де кездеседі.

Химиялық құрамы. Құрамында илік заттар гидролизденген тобы басымырақ: тамырсабақтарында 12-13% тамырында, 16-17%, тамырсабақтарыныңнапльвтарында 23% дейін кездеседі. Бос галл және эллаг қышқылы, сапониндер – сангвиларбин және потерин (4% дейін), стеариндер және көп мөлшерде крахмал сангвисорбин гидролиз нәтижесінде сапогенин болады оның құрамы анықталмаған. Екі молекула глюкоза және 1 молекула пентоза бөледі. Потерин сангвисорбинге жақын -1 молекула арабиноза бар. Жапырақтарында 0,9% дейін аскорбин қышқылы, флавоноидтар бар.

Дәрілік шикізаты. Күзге жақын жер асты бөліктерін жинап, топырақтан жуып тазалап, бөліктерге кесіп, кептіреді. Дайын шикізат тамырсабақтары мен тамырларының бөліктері цилиндр тәрізді немесе дұрыс емес формалы, ұзындығы 10-15 см қалыңдығы 1-2 см. Сыртынан қара-қоңыр, сындырғанда сары. Дәмі қатты бырыстырғыш, иіссіз

Қолданылуы. Сұйық экстракт және сулы қайнатпа дайындайды. Олар энтероколитте, интоксикациялық және гастерогенді іш өтуде қолданады. Қан тоқтататын зат ретінде жатырлық, геммородиалды қан кетулерде эффективті болып саналады. Халықтық зат ретінде бұрыннан пайдаланады.

Етжапырақты бадан - Бадан толстолистный - Bergenia crassiglora L.

Семейство камнеломковые - Тасжаргандар - Saxifragaceae

Биіктігі 50 см дейінгі көпжылдық шөптесін өсімдік. тамырсабақтары мощное, ұзына келген, тармақталған көптеген майда тамырлары бар, белгілі ұзындыққа дейін баратын және қалыңдығы 3 см дейін жетеді. Барлық тамыр жанындағы жапырақтары ірі, (ұзындығы 35 см дейін жетеді) ұзынша (длинночерешковые) қабығы қошың, жалпақ эллипсті пластинкасымен, жанында үлкен өткір емес тістері бар. Жапырақтарының төменгі жағында нүктелі бездер көрінеді. Сабақтары қалың, жапырақсыз, ірі, тармақталған гүлшоғыры бар, оның сабақтары түйіндермен аяқталады. Гүлдері қызыл-күлгін, гүл тостағаншасы және венчик бар.

Жемісі – қорапша. Жас жапырақтары пайда болғанша гүлдейді. Тек Сібірде өседі, таулы пихта шыршалы тайгада, Алтайда, Саянда, Байкал жанында, алмалы хребтте өседі.

Химиялық құрамы. Тамырсабақтарында 25 % дейін илік заттар бар, негізінен галлотанин болып саналады. Ілеспелі зат ретінде – изокумарин бергенин, қанттар және көп мөлшерде крахмал кездеседі. Жапырақтарында арбутин (13-20%) көптеп жиналады. Сонымен қатар галл қышқылы және гидрохинон (2-4%) болады.

Дәрілік шикізаты. Тамырсабақтарын жапырақтан жеңіл жулып алып (бетіне жақын орналастырып) майда корешоктан және қоспалардан, топырақтардан тазартып, жуып, бөліктерге кесіп кептіреді. Шикізат ретінде тамырсабақтарының кесінділері саналады. Сыртынан олар қою-қоңыр, кескенде ашық-қоңыр с прерывистым сақинасымен қара нүктелері бар. Иісі жоқ, дәмі қатты бырыстырғыш.

Қолданылуы: Сұйық экстракт, сулы қайнатпаларын стоматитте, гингвитте, сонымен қатар жатырдың мойынының эрозиясын емдеуде қолданады. Бадан тамырсабақтары құнды қол гисткізбейтін өндірістік илеуіш.

Ольха клейкая или черная -Alnus glutinosa Gaerth-Жабысқан (қара) қандыағаш
Семейство березовые – Қайындар-Betulaceae

Ағаш немесе үлкен бұта. Қара ольха жапырағы шеттері дөңгеленген тісті, беті жылтыр, қою-қызыл жас жапырақтары жабысқақ. Сұр ольха жапырақтары да тісті, бірақ олар жалпақэллипсті, 2 жағынан да сұр- жасыл жапырақтары пайда болғанша көктемнің басында гүлдейді. Тычиночн. Гүлдері ұзын сырғаларда орналасып, желден оңай таралады. Пестичный гүлдері овалды, ұзынша сырғаларға жиналған. Гүлдері гүлсерігінсіз, қатайған соплодия ағашта қыстап қалады. Екі түрі де ТМД-ң Еуропалық бөлігінің орманды және орманды – далалы жерінде таралған.

Жеміс құрамында галлотанин және 4% дейін бос галл қышқылы бар.

Дәрілік шикізаты. Қыста дайындалатын қатайған соплодия (ольховые шишки).

Қолданылуы. Асқазан жинақтары (бырыстырғыш) құрамына кіреді. Ертеден халықтық зат ретінде қолданады.

Кәдімгі емен-Дуб обыкновенный-Quercus robur L.

Шамшаттар тұқымдасы-Семейство буковые - Fagaceae

ТМД-ң Еуропалық бөлігіндегі жалпақ жапырақты және аралас арманндардың басты ағаштың тұқым. Сібірде өспейді, Қиыр Шығыста, Кауказда және Украинада басқа түрлері кездеседі.

